

"Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 430 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 134-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 9 маусымда № 20839 болып тіркелді

"Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағына, 16-бабының 3-тармағына, 20-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 430 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5356 тіркелген, 2008 жылғы 3 желтоқсанда "Заң газеті" газетінде № 184 (1584) жарияланған):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-қосымшаларға сәйкес сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандары;

2) 13-14-қосымшаларға сәйкес аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандары бекітілсін."

Көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес 14-қосымшамен толықтырылсын;

6-1, 6-2, 6-3-қосымшалар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
1-қосымша

Аккредиттеуге өтінім

(өтініш берушінің немесе оның құрылымдық бөлімшесінің атауы)

Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде _____

(сәйкестікті бағалау саласындағы қызмет бағыты)

_____ талаптарына сай мәлімделген

аккредиттеу

(стандарттау жөніндегі құжаттың атауы)

саласына сәйкес аккредиттеуді/қайта аккредиттеуді сұраймыз.

Аккредиттеу аттестатының қолданысы кезеңінде аккредиттеу (қайта аккредиттеу) рәсімін өткізгенде аккредиттеу сұратылатын немесе ұсынылатын салаларда аккредиттеуге

қойылатын талаптарды орындауға және оған сәйкес келуге міндеттенеміз.

1. Өтініш берушінің заңды мәртебесі:

БИН	Ұйымдастыру-құқықтық нысаны	толық атауы	есептік шоты (IBAN)	банктік (сәйкестендіру коды (БСК))	Телефон нөмірі	Веб-сайт	электрондық поштасының мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7	8

2. Басшы туралы мәліметтер

ЖСН	тегі	аты	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	лауазымы	ұялы телефон	электрондық поштасының мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7

3. Өтініш берушінің құрылымдық бөлімшесінің заңды мәртебесі (құрылымдық бөлімшесінің аккредиттеуге өтінім берген жағдайда):

--	--	--	--	--	--	--	--

БИН	Ұйымдастыру-құқықтық нысаны	толық атауы	есептік шоты (IBAN)	банктік (сәйкестендіру коды (БСК)	Телефон нөмірі	Веб-сайт	электрондық поштасының мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7	8

4. Өтінім берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы туралы мәліметтер

ЖСН	тегі	аты	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	лауазымы	ұялы телефон	электрондық поштасының мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

Өтініш беруші құрылымдық бөлімше басшысының құзыретін растайтын құжатты қоса береді.

5. Өтінім берушінің мекенжай деректері

Заңды мекенжайы			Нақты мекенжайы		
Аккредиттеу субъектісі орналасқан жылжымайтын мүлік нысанының кадастрлық нөмірі	Орналасқан орны (жылжымайтын мүлік нысанының бұрылу нүктелерінің координаталары)		Аккредиттеу субъектісі орналасқан жылжымайтын мүлік нысанының кадастрлық нөмірі	Орналасқан орны (жылжымайтын мүлік нысанының бұрылу нүктелерінің координаталары)	
	ендік	ұзындық		ендік	ұзындық
1	2	3	4	5	6

6. Аккредиттеу жөніндегі органмен байланысқа жауапты қызметкердің деректері:

ЖСН	тегі	аты	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	лауазымы	ұялы телефон	электрондық поштасының мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7

7. Аккредиттеу аттестатының деректері (қайта аккредиттеу және (немесе) аккредиттеудің шетелдік жүйесінде аккредиттеу орын алған жағдайда толтырылады):

Аккредиттеу аттестатының нөмірі	Аккредиттеу аттестатының берілген күні	Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі
1	2	3

8. Қосымша: _____

(менеджмент жүйесінің құжаттары және басқалар, оның ішінде оларды орындау жөніндегі дәлелдер қоса тіркеледі)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға

сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және

пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20__ жылғы " __ " _____: __ сағатта қол қойып берді.

Өтінім берушінің ЭСҚ алынған деректер: _____

Өтінім берушінің ЭСҚ қол қойған күні мен уақыты: ____

Өтінімнің ақпараттық жүйеде автоматтық тіркелуі туралы хабарлама:

20__ жылғы " __ " _____ __: __ сағатта қабылданды.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
2-қосымша

Өнімнің, процестің, көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау жөніндегі органның аккредиттеу саласы

№ р/ с	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының коды	Сәйкестікті бағалау объектісінің атауы	сәйкестікті растау схемасының нөмірі	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішіндегі көрсетілетін қызметтер коды	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішіндегі көрсетілетін қызметтер атауы	Өнімге, процеске, көрсетілетін қызметке қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік-құқықтық актілерді, стандарттау жөніндегі құжаттарды белгілеу	Өнімнің () анықталатын сипаттамалары (көрсеткіштері)	Є о с () с э а с ж қ б 9
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе:

1) Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішінің коды көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау бойынша орган үшін толтырылады.

2) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының коды көрсетілген топқа кіретін барлық өнімді өтініш беруші қамтамасыз еткен жағдайда кодтары 4 белгі деңгейінде көрсетіледі.

3) Қажетті жағдайларда, оның ішінде сәйкестікті бағалау объектілері Кеден Одағының техникалық регламенттеріне қолданысына түскен жағдайда, бұл объектілер аккредиттеу саласына толықтыру түрінде ресімделеді.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
3-қосымша

Менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау жөніндегі органның аккредиттеу саласы

1-нысан. Сапа менеджменті жүйелері бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, ISO/IEC 17021-3 сәйкес сапа менеджменті жүйесі				
ISO 9001/ISO 29001				
№ р/с	Экономикалық сектор/қызмет (IAF ID 1 анықталғандай)	Қамту дәрежесі	менеджмент жүйесінің қызмет саласы	
1	2	3	4	

Ескертпе:

- 1) 3-бағанда қамтылу дәрежесі көрсетіледі (толық немесе шектеулі аккредиттеу)
- 2) Қамту дәрежесін аккредиттеу жөніндегі орган менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органның аудиторы жүргізген куәгерлік бағалаудың нәтижелері бойынша айқындайды
- 3) Менеджмент жүйесі қызметінің саласы экономикалық қызмет түрлерінің негізінде келтіріледі, оның жіктеуіші экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішімен анықталады.
- 4) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды 5 белгі деңгейінде көрсетіледі.

2-нысан. Экологиялық менеджмент жүйелері бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, ISO/IEC 17021-2 сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі				
ISO 14001				
№ р/с	Экономикалық сектор/қызмет (IAF ID 1 анықталғандай)	Қамту дәрежесі	менеджмент жүйесінің қызмет саласы	
1	2	3	4	

Ескертпе:

- 1) 3-бағанда қамтылу дәрежесі көрсетіледі (толық немесе шектеулі аккредиттеу)
- 2) Қамту дәрежесін аккредиттеу жөніндегі орган менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органның аудиторы жүргізген куәгерлік бағалаудың нәтижелері бойынша айқындайды
- 3) Менеджмент жүйесі қызметінің саласы экономикалық қызмет түрлерінің негізінде келтіріледі, оның жіктеуіші экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішімен анықталады.
- 4) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды 5 белгі деңгейінде көрсетіледі.

3-нысан. Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, ISO/IEC 17021-10 сәйкес еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйелері			
ISO 45001			
№ р/с	Экономикалық сектор/қызмет (IAF ID 1, IAF MD 22 анықталғандай)	Қамту дәрежесі	менеджмент жүйесінің қызмет саласы
1	2	3	4

Ескертпе:

- 1) 3-бағанда қамтылу дәрежесі көрсетіледі (толық немесе шектеулі аккредиттеу)
- 2) Қамту дәрежесін аккредиттеу жөніндегі орган менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органның аудиторы жүргізген куәгерлік бағалаудың нәтижелері бойынша айқындайды
- 3) Менеджмент жүйесі қызметінің саласы экономикалық қызмет түрлерінің негізінде келтіріледі, оның жіктеуіші экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішімен анықталады.
- 4) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды 5 белгі деңгейінде көрсетіледі.

4-нысан. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, ISO 22003 сәйкес тағам өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесі				
ISO 22000				
№ р/с	Кластер (ISO/TS 22003 анықталғандай)	Менеджмент жүйесінің қызмет саласы		Қамту дәрежесі
		санат	Кіші санат	
1	2	3	4	5

Ескертпе:

- 1) 3-бағанда қамтылу дәрежесі көрсетіледі (толық немесе шектеулі аккредиттеу)).
- 2) Қамту дәрежесін аккредиттеу жөніндегі орган менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органның аудиторы жүргізген куәгерлік бағалаудың нәтижелері бойынша айқындайды.

5-нысан. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, ISO/IEC 27006 сәйкес ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі	
ISO 27001	
Менеджмент жүйесінің қызмет саласы	Олар бойынша жүйелердің сәйкестігін растау өткізілетін нормативтік құжаттар белгілеуі
1	2
Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі	ISO/IEC 27001

6-нысан. Әлеуметтік жауаптылық менеджменті жүйесі бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1 сәйкес әлеуметтік жауаптылық менеджменті жүйесі

ҚР СТ 1352, SA 8000	
Менеджмент жүйесінің қызмет саласы	Олар бойынша жүйелердің сәйкестігін растау өткізілетін нормативтік құжаттар белгілеуі
1	2
әлеуметтік жауаптылық менеджменті жүйесі	Қ Р С Т 1 3 5 2 , SA 8000

7-нысан. Энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, ISO 50003 сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесі		
ISO 50001		
№ р/с	Техникалық аймақ (ISO 50003 анықталғандай)	Менеджмент жүйесінің қызмет саласы
1	2	3

8-нысан. Медициналық бұйымдардың сапа менеджменті жүйесі бойынша аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1 сәйкес медициналық бұйымдардың сапа менеджменті жүйесі			
ISO 13485			
№ р/с	Негізгі техникалық сала (IAF MD 9 анықталғандай)	Техникалық сала (IAF MD 9 анықталғандай)	Техникалық салалармен қамтылған өнім санаты
1	2	3	4

9-нысан. Менеджмент жүйелерінің жаңа схемаларын қолданған жағдайда аккредиттеу саласы

ISO/IEC 17021-1, (қосымша нормативтік құжат (бар болған жағдайда)) сәйкес _____ менеджмент жүйесі			
Олар бойынша жүйелердің сәйкестігіне растау жүргізілетін нормативтік құжат белгілеуі			
№ р/с	Экономикалық немесе кластер немесе техникалық аймақ (аккредиттеу саласын анықтау нормативтік құжатта (бар болған жағдайда))	Қамту дәрежесі	менеджмент жүйелерінің қызмет саласы
1	2	3	4

Ескертпе:

1) 9-нысан менеджмент жүйелерінің жаңа схемаларын қолдану мүмкіндігін ескере отырып әзірленді.

2) 3-бағанда қамтылу дәрежесі көрсетіледі (толық немесе шектеулі аккредиттеу).

3) Қамту дәрежесін аккредиттеу жөніндегі орган менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органның аудиторы жүргізген куәгерлік бағалаудың нәтижелері бойынша айқындайды

4) Менеджмент жүйесі қызметінің саласы экономикалық қызмет түрлерінің негізінде келтіріледі, оның жіктеуіші экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішімен анықталады.

5) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды 5 белгі деңгейінде көрсетіледі.

6) Менеджменттің салалық жүйелері болған жағдайда, оның негізінде менеджмент жүйесі және/немесе менеджмент жүйесінің талаптары менеджменттің негізгі жүйелерінің талаптарына жақын әзірленген жүйені аккредиттеу саласының нысанын қолдану қажет.

7) Қажет болған жағдайда аккредиттеу саласындағы нысанға аккредиттеу жөніндегі органды қалай анықтауға болады.

8) IAF сыни коды бойынша куәлік бағасын жүргізуді қамтамасыз еткен жағдайда, аккредиттеу субъектісіне толық аккредиттеу ұсынылады (1, 2, 3, 4-нысандарға қатысты (менеджмент жүйелерін сертифициаттаудың жаңа схемаларын қолданған жағдайда 9-нысан).

9) IAF сындарлы емес коды бойынша куәлік бағасын қамтамасыз еткен жағдайда, аккредиттеу субъектісіне куәлік бағасы қамтамасыз етілген ЭҚЖЖ коды бойынша (1, 2, 3, 4-нысандарға қатысты (менеджмент жүйелерін сертифициаттаудың жаңа схемаларын қолданған жағдайда 9-нысан) шектеулі аккредиттеу беріледі.)

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
4-қосымша

Персонал сәйкестігін растау жөніндегі органның аккредиттеу саласы

№ р/с	Қызметтің бағыты (түрі)	Қызметіне арналған стандарттау жөніндегі белгісі	Бағалау тәртібін және (немесе) тәсілін белгілейтін құжаттар белгісі
1	2	3	4

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің

Сынақ зертханасының (орталығының) аккредиттеу саласы

№ р/с	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының коды	Өнімнің (объектінің) атауы	Нормативтік құқықтық актілердің, өнімге (объектіге) арналған нормативтік құжаттардың белгісі	Өнімнің (объектінің) анықтау сипаттамасы (көрсеткіштері)	Сынау әдісі	Сипаттамаларды (көрсеткіштерді) анықтау үшін сынау әдістеріне арналған нормативтік құжаттар белгісі
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

1) 4-баған өнімге (объектіге) қойылатын талаптар белгілейтін нормативтік құқықтық актілер, нормативтік құжаттар сынау хаттамасында көрсетілген жағдайында толтырылады.

2) Қажет жағдайда, оның ішінде сәйкестікті бағалау объектілері Кеден Одағының техникалық регламенттеріне қолданысқа түскен жағдайда, бұл объектілер аккредиттеу саласына толықтыру ретінде ресімделеді

Қазақстан Республикасының
 сауда және интеграция
 министрінің
 2020 жылғы 5 маусымдағы
 № 134-НҚ бұйрығына
 6-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Индустрия және сауда
 министрінің
 2008 жылғы 29 қазандағы
 № 430 бұйрығына
 6-қосымша

Салыстырып тексеру/калибрлеу зертханасының аккредиттеу саласы

№ р/с	Өлшем түрінің коды	Өлшем құралдарын салыстырып тексеретін калибрлейтін) топтың атауы	Калибрлеу әдісіне (арналған құжат белгілеуі немесе атауы	Метрологиялық сипаттама					Калибрлеу және өлшеу мүмкіндігі (СМС)
				өлшем ауқымы	өлшем шегі	Разряд	дәлділік класы	кателігі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескертпе:

СМС (Calibration and Measurement Capability) - зертхана стандартты жағдайларда ала алатын U ең аз кеңейтілген белгісіздік.

сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
7-қосымша

Біліктілікті тексеру провайдерінің аккредиттеу саласы

№ р/ с	Біліктілікті тексеру бағдарламасының түрі	Өлшенетін көрсеткіштер	Метрологиялық сипаттамалары				Ө н і м объектілерінің, инспекциялардың , салыстырып тексерілетін/ калибрленетін өлшем құралдары топтарының, биологиялық материалдың түрлері	Біліктілікті тексерудің қолданылатын үлгісі	
			Өлшеу ауқымы	Өлшеу шегі	Дәлдік класы	қателігі		Меншікті дайындалған МСУ, СУ	Эталон
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
8-қосымша

Инспекциялық органның аккредиттеу саласы

№ р/с	Инспекциялық орган түрі	Инспекция саласы	Инспекция түрі	Инспекция ауқымы	Инспекция әдістері	Инспекция рәсімдері
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

2-бағанда инспекциялық орган түрі (А, В, С) көрсетіледі

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің

2020 жылғы 5 маусымдағы
 № 134-НҚ бұйрығына
 9-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Индустрия және сауда
 министрінің
 2008 жылғы 29 қазандағы
 № 430 бұйрығына
 9-қосымша

Медициналық зертхананың аккредиттеу саласы

№	Зерттеу/ сараптама объектісінің (биологиялық материалдың) атауы	Зерттеу/сараптама объектісінің (биологиялық материалдың) анықталатын сипаттамалары	Зерттеу/ сараптама әдістері	Сипаттамаларды анықтау үшін зерттеу/сараптама әдістеріне құжаттарды белгілеу
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасының
 сауда және интеграция
 министрінің
 2020 жылғы 5 маусымдағы
 № 134-НҚ бұйрығына
 10-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Индустрия және сауда
 министрінің
 2008 жылғы 29 қазандағы
 № 430 бұйрығына
 10-қосымша

Парниктік газдарды валидтеу және верификаттау жөніндегі органның аккредиттеу саласы

№	Қызмет түрінің атауы	Қызмет саласы	Оларға сәйкес валидация/верификация жүргізілуге тиіс талаптарды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік құжаттарды белгілеу	Валидация/верификация бағдарламасы (парниктік газдар шығарындыларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер, нормативтік құжаттар))
1	2	3	4	5

Ескертпе:

1) 2-бағанда қызмет түрінің атауы (парниктік газдарды түгендеу және (немесе) валидация және (немесе) парниктік газдардың сіңуін арттыру және (немесе) қалдықтарды қысқарту жөніндегі ішкі жобаларды тексеру туралы есепті тексеру) көрсетіледі.

2) Экономика салаларын айқындау кезінде 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 94-бабын басшылыққа алған жөн.

Қазақстан Республикасының
 сауда және интеграция
 министрінің

2020 жылғы 5 маусымдағы
 № 134-НҚ бұйрығына
 11-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Индустрия және сауда
 министрінің
 2008 жылғы 29 қазандағы
 № 430 бұйрығына
 11-қосымша

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарға, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына), медициналық зертханаларға, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, инспекциялық органдарға, парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі органдарға, біліктілікті тексеру провайдерлеріне арналған паспорт

1-кесте. Өтініш берушінің немесе аккредиттеу субъектісінің уәкілетті тұлғасының мәліметтері

ЖСН	Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ұялы телефон	Электрондық пошта мекенжайы	Лауазымы
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

Өтініш берушінің немесе аккредиттеу субъектісінің уәкілетті тұлғасының мәліметтерін барлық өтініш берушілер/аккредиттеу субъектілері толтырады.

2-кесте. Өндірістік үй-жайлар туралы мәліметтер

№ р/с	Үй-жайдың арналуы	Иелену негізі	Өткізілетін сынаулар түрлері	ауданы, м ²	Температурасы, °С		Біршама ылғалдығы, %		Жұмыс орындарының жарықтандырылуы, лк	
					қалыпты	нақты	қалыпты	нақты	қалыпты	нақты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Кестенің жалғасы

Шу деңгейі, дБ		Электромагниттік кедергілердің деңгейі, А/м			Газдалу деңгейі, %	
қалыпты	нақты	қалыпты	нақты	қалыпты	нақты	нақты
12	13	14	15	16	17	

Арнайы жабдықтардың болуы	Үлгілерді қабылдау	Қорытынды және (немесе) өлшеу хаттамасы				Нақты мекенж
				Берген орган		Аккредиттеу субъектісі орналасқан жылжымайты

желдету, кедергілерден қорғау және т. б.)	және сақтау шарттары	Құжат түрі	Құжат нөмірі	Құжаттың берілген күні	БИН	Толық атауы	Аккредиттеу аттестатының және (немесе) лицензияның нөмірі	Аккредиттеу аттестатының және (немесе) лицензияның берілген күні	Аккредиттеу аттестатының және (немесе) лицензияның жарамдылық мерзімі	мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі

Ескертпе:

1) Өндірістік үй-жайлар туралы мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, салыстырып тексеру/калибрлеу/медициналық зертханалар, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар, инспекциялық органдар және біліктілікті тексеру провайдерлері толтырады.

2) 2-бағанда үй-жайдың мақсаты (арнайы немесе бейімделген) көрсетіледі.

3) 3-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

4) 20-бағанда құжаттың түрі (қорытынды немесе хаттама) көрсетіледі.

5) Кесте аккредиттелген зертхананың мамандары орындаған өндірістік факторлардың деңгейлерін өлшеу хаттамалары негізінде толтырылады. I-IV патогенділігі және гельминттер тобы микроорганизмдерімен жұмыс жасайтын зертханалар үшін нысанға эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының электрондық көшірмесі қоса беріледі

6) Кестеге әр кабинеттің/бөлменің мақсатын сипаттай отырып, бекітілген сканерленген сызба/қабаттың/ғимараттың жоспары қоса беріледі.

3-кесте. Прекурсорлар сақталатын үй-жайлар туралы мәліметтер

№ р/ с	Үй-жай арналуы	Иелену негізі	пайдаланылатын прекурсор атауы	Пайдаланылатын прекурсордың өндірілген күні	Пайдаланылатын прекурсорды сақтау мерзімі	ауданы , м ²	Температурасы, оС		Желдеткіштің болуы	ӘҚНЖК лицензия
							Құжат бойынша қалыпты	нақты		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Қорытынды және (немесе) өлшеу хаттамасы						Нақты мекенжай						
Құжат түрі	Құжат нөмірі			Берген орган				Аккредиттеу аттестатының	Орналасқан жері (нақты мекенжай координаталары)			
									мүлік объектісінің			

		Құжаттың берілген күні	БИН	Толық атауы	Аккредиттеу аттестатының және (немесе) лицензияның нөмірі	Аккредиттеу аттестатының және (немесе) лицензияның берілген күні	және (немесе) лицензияның жарамдылық мерзімі	кадастрлық нөмірі	ендік	ұзындық
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Ескертпе:

1) Прекурсорлар сақталатын үй-жайлар туралы мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, медициналық зертханалар және біліктілікті тексеру провайдерлері толтырады.

2) 2-бағанда үй-жайдың мақсаты (арнайы немесе бейімделген) көрсетіледі.

3) 3-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

4) Кестеге әр кабинеттің/бөлменің мақсатын сипаттай отырып, бекітілген сканерленген схема/қабаттың/ғимараттың жоспары қоса беріледі

4-кесте. Сынақ жабдығымен жарақталуы жөнінде мәліметтер

№ р/с	Ұ А О беретін жабдықтың бірегей нөмірі (ақпараттық жүйемен белгіленеді)	Жабдық санаты	Анықталатын сипаттамалар (көрсеткіштер)	атауы	Түрі (марка)	дайындаушы	ел	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	негізгі техникалық сипаттамалар	Шығарылған жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Пайдалануға енгізілген жылы	Салыстырып тексеру немесе аттестаттау туралы сертификат (куәлік)			Иелену негізі	Нақты мекенжай		Сынақ жабдығы орналасқан арнайы көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі			
	нөмірі	күні	Жарамдылық мерзімі		Аккредиттеу субъектісі орналасқан жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі	Орналасқан жері (жылжымайтын мүлік объектісінің бұрылыс нүктелерінің координаттары)				
13	14	15	16	17	18	19	ендік	ұзындық	20	21

Ескертпе:

1) Сынақ жабдығымен жарақталуы жөнінде мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, салыстырып тексеру/калибрлеу/медициналық зертханалар және инспекциялық органдар толтырады.

2) 2-баған өтінім қабылданғаннан кейін толтырылады (орналасқан жері бойынша зерттеу кезеңінде).

3) 3-бағанда жабдықтың санаты (орнықты немесе ықшам) көрсетіледі.

4) 17-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

5-кесте. Өлшеу құралдары туралы мәліметтер

№ р/с	Өлшеу құралының санаты	Өлшеу құралының түрі	Шыққан жылы	Қ Р мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінде нөмірі	Өнімнің анықталатын сипаттамаларының (параметрлерінің) атауы	арналуы	атауы	Түрі (марка)	Дайындаушы зауыт	ел	Зауыт нөмірі	Түген нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Разряд	категорія	Өзге метрологиялық сипаттамалар	Салыстырып тексеру/калибрлеу/метрологиялық аттестаттау туралы құжат								
			Нөмірі	күні	Жарамдылық мерзімі	Берген орган					
						БИН	Толық атауы	Аккредиттеу аттестатының нөмірі	Аккредиттеу аттестатының күні	Аккредиттеу аттестатының жарамдылық мерзімі	
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	

Пайдалануға енгізілген жылы	Иелену негізі	Нақты мекенжайы			Сынақ жабдығы орналасқан арнайы көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі
		Аккредиттеу субъектісі орналасқан жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі		Орналасқан жері (жылжымайтын мүлік объектісінің бұрылыс нүктелерінің координаттары)	
		ендік	ұзындық		
27	28	29	30	31	32

Ескертпе:

1) Өлшеу құралдары туралы мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, салыстырып тексеру/калибрлеу/медициналық зертханалар, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және инспекциялық органдар толтырады.

2) 2-бағанда өлшеу құралының санаты (орнықты немесе ықшам) көрсетіледі.

3) 3-бағанда өлшем құралының түрі (өлшеу құралы немесе өлшеу тиесілігі) көрсетіледі.

4) 28-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

												жабдық туралы мәліметтер	
										ендік	ұзындық	атауы	Сериялық нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	

Ескертпе:

1) Арнайы көлік құралымен жарақталуы жөніндегі мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, салыстырып тексеру/калибрлеу/медициналық зертханалар, инспекциялық органдар және біліктілікті тексеру провайдерлері толтырады.

2) 9-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

8-кесте. Біліктілігін тексеру үлгілерін іріктеу, буып-түю, сақтау үшін қолданылатын жабдықпен жарақтандыру жөніндегі мәліметтер

№ р/с	Жабдық санаты	атауы	Түрі (маркасы)	дайындаушы	ел	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

Жабдықтың негізгі техникалық сипаттамалары	ескертпе	Иелену негіздері	Нақты мекенжайы		Жабдық орналасқан арнайы көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	
			Аккредиттеу субъектісі орналасқан жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі	Орналасқан жері (жылжымайтын мүлік объектісінің бұрылыс нүктелерінің координаттары)		
				ендік	ұзындық	
9	10	11	12	13	14	15

Ескертпе:

1) Біліктілігін тексеру үлгілерін іріктеу, буып-түю, сақтау үшін қолданылатын жабдықпен жарақтандыру жөніндегі мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, медициналық зертханалар және біліктілікті тексеру провайдерлері толтырады.

2) 2-бағанда жабдықтардың санаты (стационарлық немесе ұтқыр) көрсетіледі.

3) 11-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

9-кесте. Лицензиялар және рұқсат беру құжаттары туралы мәліметтер

№ р/с	Құжат ӘҚНЖК	санат	мәртебе	Лицензиар	Лицензиат	Қызмет түрі	Берілген күні	Қолданылу кезеңінің басы	Қолданылу кезеңінің соңы	Тұрғылықты тармақ
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе:

Лицензиялар және рұқсат беру құжаттары туралы мәліметтерді барлық өтініш берушілер/аккредиттеу субъектілері толтырады, мұндай құжаттар болғай жағдайда.

10-кесте. Нормативтік құжаттар тізбесі

№ р/с	белгіленуі	атауы	Құжатты кім бекітті	Құжат нөмірі	Құжаттың бекітілген күні	Қолданысқа енгізілген күні

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Ескертпе:

Нормативтік құжаттар тізбесін барлық өтініш берушілер/аккредиттеу субъектілері толтырады.

11-кесте. Пайдаланылатын эталондар тізбесі

№ р/с	Эталон түрі	Шыққан жылы	ҚР өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіндегі нөмірі	атауы	Түрі	Зауыттық нөмірі	Түгендеу нөмірі	Өлшеу диапазоны	Дәлдік класы	Разряд	категілі	Кеңейтілген белгісіздік
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Салыстырып тексеру/калибрлеу/метрологиялық аттестаттау туралы құжат				Пайдалануға енгізу жылы	Аккредиттеу саласына сәйкес арналуы	Иелену негізі	Нақты мекенжай		
Құжат түрі	Құжат нөмірі	Құжат күні	Жарамдылық мерзімі				Аккредиттеу субъектісі орналасқан мұлік объектісінің кадастрлық нөмірі	Орналасқан жері (жылжымайтын мұлік объектісінің бұрылыс нүктелерінің координаттары)	
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

Ескертпе:

1) Пайдаланылатын эталондар тізбесін салыстырып тексеру және калибрлеу зертханалары толтырады.

2) 2-бағанда эталонның түрі (бастапқы, бағынышты) көрсетіледі.

3) 4-баған калибрленетін эталондар үшін толтырылмайды.

4) 20-бағанда иелену негізі көрсетіледі (сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты).

5) 14-бағанда құжаттың түрі (куәлік, сертификат) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
12-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
12-қосымша

Персонал туралы мәліметтер

№ р/с	ЖСН	Тегі	Аты	әкесінің аты (бар болған жағдайда)	ұялы телефон	Электрондық пошта мекенжайы	білімі
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

диплом бойынша мамандығы	ЖОО атауы	ЖОО аяқтаған жылы	Диплом нөмірі	лауазымы	Жұмыс өтілі	
					жалпы	Сәйкестікті бағалау жөніндегі органда мәлімделген бағыт бойынша
9	10	11	12	13	14	15

Негізгі қызметі және (немесе) өткізетін жұмыс түрі	Атқаратын лауазымыға сәйкестікке аттестаттау туралы мәліметтер			Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер								
	Құжат нөмірі	Құжат күні	Құжаттың жарамдылық мерзімі	Оқу өткізген ұйымның БИН	Оқу өткізген ұйымның атауы	Оқу курсы, семинардың атауы	Құжат түрі	Құжат нөмірі	Құжат күні	Жарамдылық мерзімі	Өлшеу түрі	
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	

Өлшем құралдарын саласынып тексеруші біліктілігін беру туралы мәліметтер				Калибренетін өлшем құралдарының топтары бойынша мамандану	Атқарымдық міндеттемелер, біліктілікті тексеру бойынша өткізілетін жұмыс түрлері	Жек тұлғамен бекітілген шарт				Атақ беру туралы м		
Нөмірі	Берілген күні	Жарамдылық мерзімі	Өлшеу түрі			Шарт нөмірі	Шарт күні	Қолданылу мерзімі	ЭҚЖЖ коды	Атағы	Нөмір	Беріл күні
28	32	33	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40

Ескертпе:

- 1) Персонал туралы мәліметтерді барлық өтініш берушілер/аккредиттеу субъектілері толтырады.
- 2) 23-бағанда құжаттың түрі (сертификат, куәлік, диплом) көрсетіледі.
- 3) 27-31-бағандарды тексеру зертханалары толтырады.
- 4) 27 және 32-бағандарды калибрлеу зертханалары толтырады.
- 5) 37-баған менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органдармен толтырады.
- 6) 38-41-бағандарды сәйкестікті растау жөніндегі органдар, тексеру зертханалары және валидация және верификация жөніндегі органдар толтырады.
- 7) 38-бағанда атағы (сарапшы-аудитор, техникалық сарапшы, салыстырып тексеруші) көрсетіледі.
- 8) Кестеде зертхана қызметкерлерінен басқа сынақтарға қатысу үшін тартылатын басқа бөлімшелердің қызметкерлерін көрсету керек.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
13-қосымша

Аккредиттеу алдындағы үлгілік шарты

_____ 20__ жылғы "____" _____
(жасалған орны)

_____,
(заңды тұлғаның толық атауы)
Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ қаулысына сәйкес
(Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының күні мен нөмірі)
аккредиттеу жөніндегі органмен айқындалған, бұдан әрі "Аккредиттеу жөніндегі
орган" деп
аталып, _____ негізінде әрекет ететін _____
(құжат атауы)

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
тұлғасында бір тараптан және _____

_____,
(заңды тұлғаның толық атауы)
бұдан әрі "Өтінім беруші" деп аталып _____

(құжат атауы)
негізінде әрекет ететін _____

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
тұлғасында екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталып, "Сәйкестікті бағалау
саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан
Республикасының

Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес, мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарт мәні

1.1. Аккредиттеу жөніндегі орган _____

_____ (сәйкестілікті бағалау саласындағы қызметтің бағыты)

ретінде аккредиттелуге үміткер Өтініш берушінің _____

_____ (егер заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі

_____ аккредиттелсе, осы бөлімшенің атауы) (стандарттау жөніндегі құжаттың (тардың) атауы(лары)

сәйкес сәйкестікті бағалау саласында өтінімге сараптама, орналасқан орны бойынша

тексеру, сондай-ақ қажет жағдайда қайта сараптау және тексеру нысанында анықталған

жұмысты орындауға құзыреттігін ресми тану рәсімдерін жүргізуге міндеттенеді, ал Өтініш

беруші, өз кезегінде, жоғарыда аталған стандарттау жөніндегі құжаттың (тардың), Заңның,

осы Шарттың талаптарын, аккредиттеу схемасында белгіленген аккредиттеу өлшемдері мен

Аккредиттеу жөніндегі орган қабылдаған халықаралық міндеттемелерде белгіленген

талаптарды, аккредиттеу сұралатын немесе берілетін салаларда талаптарын орындауға,

Өтініш берушінің сәйкестікті бағалаудың анықталған саласында жұмыстарды орындау

құзыретін ресми тану рәсімін өткізу бойынша жұмыстарды төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жұмыс жүргізу тілі: _____

_____ (мемлекеттік (қазақ) немесе орыс тілі)

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Өтініш беруші:

1) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті мәліметтерді қамтитын аккредиттеуге арналған өтінімге (бұдан әрі - өтінім) сараптау нәтижелері бойынша аккредиттеу жөніндегі орган айқындаған ақпараттық жүйеде бұдан әрі - ақпараттық жүйе) сарапшы-аудитор қорытындысын алуға;

2) орналасқан жерінде тексеріп қарау нәтижелері бойынша ақпараттық жүйеде тексеріп қарау жөніндегі топ есебін алуға;

3) орналасуына байланысты тексеріп қарау нәтижелері бойынша, тиісті себептері бар болған жағдайда, ақпараттық жүйеде сәйкессіздікті жою мерзімін ұзарту туралы, бірақ 2 (екі) айдан артық емес, Аккредиттеу жөніндегі органға жүгінуге

4) орналасуына байланысты зерттеу нәтижесі бойынша, зерттеу есебін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аккредиттеу жөніндегі органға ақпараттық жүйе арқылы атқарылған жұмыстар бойынша өз ескертулерін беруге;

5) Аккредиттеу жөніндегі органға оның қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдануға;

6) Аккредиттеу жөніндегі органның бас тарту туралы шешіміне апелляция жөніндегі комиссияға шағымдануға;

7) даулар туындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сотқа дейінгі рәсімдер жүргізілгеннен кейін сотқа жүгінуге;

8) кез келген уақытта бір жақты тәртіпте бұл туралы Аккредиттеу жөніндегі органға шартты бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша немесе ақпараттық жүйеде хабарлай отырып, Шартты бұзуға;

9) аккредиттеуден бас тартқан жағдайда, ақпараттық жүйеде дәлелді шешімін алуға құқылы.

2.2. Өтініш беруші:

1) электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, ақпараттық жүйеде тіркелуге;

2) тұрақты негізде ақпараттық жүйеде жеке кабинетті бақылау және тексеруге;

3) аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың және өзге де құжаттардың талаптарын, аккредиттеу схемасында белгіленген аккредиттеу өлшемшарттарын және аккредиттеу сұратылатын немесе ұсынылатын салалардағы Аккредиттеу жөніндегі орган қабылдаған халықаралық міндеттемелерде белгіленген талаптарды, оның ішінде ақпараттық жүйе арқылы орындауға;

4) аккредиттеу өлшемшарттарының талаптарын үздіксіз орындауға;

5) құзыреттілікті бағалау және аккредиттеу үшін қажетті ақпаратқа, құжаттар мен есептерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

6) 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ақпараттық жүйеде осы Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюға;

7) осы Шартқа сәйкес жұмыстарды төлеуге;

8) аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды атқару кезінде аккредиттеу жөніндегі органмен өзара іс-қимыл үшін уәкілетті тұлғаны белгілеуге;

9) тексеру жөніндегі топқа орналасқан жері бойынша тексеру жүргізу кезінде үй-жайға (үй-жайларға), жабдықтарға және ақпаратқа қол жеткізуді, сондай-ақ

персоналдың (еңбекке жарамсыздығы бойынша және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өзге де себептер бойынша жоқ персоналды қоспағанда) болуын қамтамасыз етуге;

10) аккредиттеу жөніндегі органның хабарламасын алған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сараптама барысында анықталған сәйкессіздіктерді жоюға және ақпараттық жүйеде бұл туралы аккредиттеу жөніндегі органды хабардар етуге;

11) аккредиттеу жөніндегі органның хабарламасын алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, ал аккредиттеу жөніндегі орган көрсетілген мерзімді ұзартқан жағдайда - ұзарту кезеңі ішінде орналасқан жері бойынша тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктерді жоюға және бұл туралы тексеру жөніндегі топтың есебіне сәйкес ақпараттық жүйедегі аккредиттеу жөніндегі органды хабардар етуге;

12) орындалған жұмыстар актісі ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қою немесе ақпараттық жүйеде дәлелді бас тартуды ұсынуға;

13) аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде аккредиттеуден кейінгі шарт жасасуға;

14) аккредиттеу жөніндегі органға толтырылған кері байланыс сауалнамасын ұсынуға;

15) аккредиттеу жөніндегі органмен келісім бойынша мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес куәлік бағаларын ұйымдастыруға;

16) ақпараттық жүйеде аккредиттеу жөніндегі органмен байланыс құралдарын қолдауға және бақылауға міндетті.

2.3. Өтініш беруші Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды пайдаланады және өзге де міндеттемелерді атқарады.

2.4. Аккредиттеу жөніндегі орган:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты бұзуға;
- 2) шарт бұзылған жағдайда өтініш беруші төлеген сомалардан нақты орындалған жұмыстардың құнын ұстап қалуға;
- 3) өтінімдерді қарау кезінде өтінім беруші ұсынған мәліметтерді растау, нақтылау немесе түсіндіру үшін қажетті қосымша ақпаратты сұратуға;
- 4) өтініш берушілердің ескертуінсіз баруды жүргізуге құқылы.

2.5. Аккредиттеу жөніндегі орган:

1) Заңда белгіленген тәртіппен шарт жасалған және төлем жасалған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде өтінімге сараптама жүргізуге;

2) өтінімді сараптау нәтижелері бойынша өтінім берушіге сараптама бойынша шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитордың қорытындысымен қабылданған шешім туралы хабарлама жіберуге;

3) өтінім берушінің өтінімін сараптау кезінде сәйкессіздіктер анықталған және өтінім берушінің оларды жоюы туралы хабарлама алған жағдайда, мұндай хабарламаны алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қажет болған жағдайда өтінімге қайтадан сараптама жүргізу және өтінімді сараптау нәтижелері бойынша өтінім берушіге аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитордың қорытындысымен қабылданған шешім туралы хабарлама сараптама жасау жөніндегі шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберуге;

4) заңда белгіленген тәртіппен тексеру жөніндегі топ өтініш берушінің немесе оның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жеріне келген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге орналасқан жері бойынша тексеру жүргізуге;

5) өтініш берушіні тексеру нәтижелері бойынша орналасқан жері бойынша тексеру аяқталған күні Есеп беруге міндетті. 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің ескертулерін ескере отырып тиісті шешім қабылдау (олар болған жағдайда) және өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабарлама жіберу;

6) сәйкессіздіктер анықталған және өтініш берушінің оларды жою туралы хабарламасын алған кезде, қажет болған жағдайда, оған қайта тексеру жүргізуге міндетті. Өтініш берушіні немесе оның құрылымдық бөлімшесін қайта тексеру мерзімі Өтініш берушінің орналасқан жеріне тексеру жөніндегі топ келген сәттен бастап есептелетін 5 (бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс;

7) заңда белгіленген тәртіппен жиналған материалдар аккредиттеу материалдарын қарау жөніндегі комиссияға келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауға;

8) өтініш берушіні аккредиттеу туралы шешім қабылданған жағдайда соңғымен аккредиттеуден кейінгі шарт жасасуға;

9) аккредиттеуден бас тартылған жағдайда өтініш берушіге шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеде дәлелді бас тартуды жолдауға;

10) өтінімді қараудың немесе бағалауды жүргізуді бастаудың барлық кезеңдерінде, егер алдау мінез-құлқының куәлігі пайда болса немесе өтініш берушінің жалған ақпарат әдейі ұсынғаны, сондай-ақ ақпаратты жасырғаны үшін, аккредиттеу жөніндегі Орган өтінімді қабылдамауға немесе бағалау процесін тоқтатуға және осы Шартты бұзуға тиіс.

2.6. Аккредиттеу жөніндегі Орган Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдаланады және өзге де міндеттерді атқарады.

2.7. Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

2.8. Тараптар осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде аккредиттеу субъектілерінің тізіліміне енгізілуге жататындарды қоспағанда, Шарттың және оны орындау барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Жұмыстың құны

3.1. Жұмыстарды төлеу кезекті кезеңді орындау алдында кезең-кезеңмен төлеу шоты ұсынылған күннен бастап 5 (бес) операциялық банктік күн ішінде келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Өтініш сараптамасы қосылған құн салығын есепке алып немесе есепке алмай _____ (сома санмен және жазбаша) теңге;

2) орналасқан жері бойынша тексеру қосылған құн салығын есепке алып немесе есепке алмай, _____ (сома санмен және жазбаша) теңге

3.2. Өтінімге қайта сараптама және (немесе) оның (олардың) орналасқан жері бойынша қайта зерттеу жүргізілген жағдайда төлем төлеуге шот қойылған күннен бастап 5 (бес) операциялық банктік күн ішінде жүзеге асырылады, бұл ретте мұндай сараптаманың немесе тексерудің құнын Тараптар жасасатын қосымша келісіммен айқындайды. Қосымша келісімге өтініш беруші аккредиттеу жөніндегі органнан ақпараттық жүйеде оны алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қол қояды.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Уақытылы төлемегені үшін Өтініш беруші Аккредиттеу жөніндегі органға мерзімді кешіктірудің әр жұмыс күні үшін төленуі тиісті сомадан 0,1 (оннан бір) пайыз мөлшерінде, бірақ көрсетілген сомадан 25 (жиырма бес) пайыздан аспайтын өсімпұл төлейді.

4.2. Өтінім берушінің кінәсінен тыс, жұмыстарды орындау мерзімін бұзғаны үшін Аккредиттеу жөніндегі орган Өтініш берушіге мерзімін кешіктірудің әр жұмыс күні үшін орындалатын жұмыс құнынан 0,1 (оннан бір) пайыз мөлшерінде, бірақ көрсетілген сомадан 25 (жиырма бес) пайыздан аспайтын өсімпұл төлейді.

4.3. Өсімпұлды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

4.4. Өтініш беруші ақпараттық жүйеде аккредиттеу жөніндегі органға ұсынылған өтінімдегі деректердің дұрыстығы мен өзектілігі үшін жауапты болады.

4.5. Тараптардың осы Шартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнама нормаларына сәйкес қолданылады.

4.6. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының (су тасқыны, жер

сілкінісі) салдары болып табылса, осы жағдайлар Тараптардың кез келгенінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлармен туындаған салдар әсер еткен уақыт ішінде сәйкес уақытқа кейін шегеріледі.

5.3. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар басталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа осы жағдайлардың басталғаны туралы хабарлайды.

5.4. Еңсерілмес күш мән-жайларының жасалу фактісін растайтын құжаттар еңсерілмес күш мән-жайлары орын алған Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары немесе ұйымдары берген тиісті құжаттар (анықтамалар, актілер және басқалар) болып табылады.

5.5. Егер еңсерілмес күш жағдайлары 3 (үш) айдан астам қолданыста болса және оларды тоқтату күні туралы міндетті өтініш жасауға мүмкіндік болмаса, онда әрбір Тарап осы Шартты бұзуға құқылы және бұл жағдайда аккредиттеу жөніндегі Орган нақты орындалған жұмыстардың құнын шегере отырып, өтініш берушіге төленген соманы қайтаруға міндетті.

5.6. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

6. Шартты өзгерту, тоқтату және бұзу

6.1. Осы Шарттың талаптарын Өтініш беруші бұзған және осы Шартпен анықталған мерзімдерде ол қосымша келісімге немесе жеке шартқа қол қоймаған жағдайында, Аккредиттеу жөніндегі орган Өтініш берушіге бұл туралы Шартты болжанатын бұзу күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлама бере отырып, осы Шартты біржақты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда хабарламада көрсетілген күн Шарттың бұзылу күні болып есептеледі.

6.2. Осы Шарт мынадай:

- 1) Өтінім беруші таратылған;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы шарт бұзылған;
- 3) өтінішті сараптаған немесе Өтінім берушіні орналасқан жері бойынша тексеріп қарау кезінде айқындалған сәйкессіздіктер Аккредиттеу жөніндегі орган белгілеген мерзімде жойылмаған;
- 4) Аккредиттеу жөніндегі орган өтінішті қайта сараптаған немесе Өтінім берушіні орналасқан жері бойынша қайта тексеріп қарау кезінде аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитордың бастапқы қорытындысын немесе тексеріп қарау жөніндегі топтың есебінде көрсетілген сәйкессіздіктер айқындалған;

5) Аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған;

6) топ құрамын орналасқан жері бойынша тексеру жүргізуге келісуден негізсіз екі мәрте бас тартқан жағдайда;

7) өтініш берушімен және басқа да аккредиттеу субъектілерімен өзара қарым-қатынастарда аккредиттеу жөніндегі органның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде;

8) аккредиттеу жөніндегі органға орналасқан жері бойынша тексеру жүргізуді, оның ішінде үй-жайға (үй-жайларға), жабдыққа, ақпаратқа қол жеткізуді, аккредиттеу субъектісі персоналының қатысуын, куәгерлік бағалауды жүргізуді, бағалау жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын төлеуді қамтамасыз етпеу, сондай-ақ аккредиттеу жөніндегі орган өкілдерінің өз қызметін Заңға және осы Шартқа сәйкес жүзеге асыруға кедергі келтіру жағдайларында тоқтатылады.

6.3. Осы Шарт бұзылған кезде өтініш беруші төлеген сома (тоқтатылған жағдайдан бөлек) Аккредиттеу жөніндегі органның нақты шығындарын есептен шығара отырып, қайтарады.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Осы Шартты іске асыру процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер жолымен шешуге міндеттенеді.

7.2. Келіссөздер жолымен келіспеушіліктер реттелмеген жағдайда, ол Аккредиттеу органының орналасқан жері бойынша сот органына қарауға берілуі мүмкін.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күнінен бастап жасалған деп есептеледі, егер осы Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органында тіркелуге жатса, - тіркелген күнінен бастап және ол бойынша міндеттемелерін Тараптардың толық орындағанына дейін қолданыста болады.

8.2. Осы Шарт ақпараттық жүйеде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

8.3. Тараптар ақпараттық жүйеде жүзеге асырылатын Тараптар арасында ақпарат алмасу ресми болып табылады деп келісті.

Ақпараттық жүйедегі хабарлама аккредиттеу жөніндегі органнан өтініш берушінің ақпаратты алғанын растау болып табылады.

8.4. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар осы Шарт сияқты нысанда жасалған және тараптар қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

8.5. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

9. Тараптар деректемелері

Өтініш

беруші: Аккредиттеу

жөніндегі

орган:

(толық атауы, заңды және нақты мекенжайы, банктік деректемелері, телефон нөмірі, лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(толық атауы, заңды және нақты мекенжайы, банктік деректемелері, телефон нөмірі, лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Өтініш берушінің ЭСҚ қол қойған күні мен уақыты
Өтініш берушінің ЭСҚ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Аккредиттеу жөніндегі органның ЭСҚ қол қойған күні мен уақыты
Аккредиттеу жөніндегі органның ЭСҚ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Аккредиттеу алдындағы үлгілік шартқа қосымша

Кері байланыс сауалнамасы

Аккредиттеу субъектісінің атауы: _____

(заңды тұлғаның және/немесе)

оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы)

(өтінім беруші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы)

Аккредиттеу жөніндегі орган орындайтын жұмыс сапасын бағалаңыз (5-өте керемет, 4-өте

жақсы, 3-жақсы, 2-қанағаттанарлық, 1-нашар).

Тиісті санды белгілеңіз.

Жұмыс түрі: _____

Сұрақ атауы	Баға				
Жауап нұсқалары	5	4	3	2	1

Сізге шынайы жауаптар үшін алғыс айтамыз!

Сіздің ескертулеріңіз бен тілектеріңізді біз міндетті түрде қарастырамыз. Біз бірлескен ынтымақтастығымыздың одан әрі тиімді және жемісті болғанын қалаймыз!

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығына
14-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрінің
2008 жылғы 29 қазандағы
№ 430 бұйрығына
14-қосымша

Аккредиттеуден кейінгі үлгілік шарты

20__жылғы "____" _____

(жасалған орны)

(заңды тұлғаның толық атауы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ қаулысына сәйкес

(Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының күні мен нөмірі)

аккредиттеу жөніндегі органмен айқындалған, бұдан әрі "Аккредиттеу жөніндегі орган" деп

аталып, _____ негізінде әрекет ететін _____

(құжат атауы)

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

тұлғасында бір тараптан және _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

бұдан әрі "Өтінім беруші" деп аталып _____

(құжат атауы)

негізінде әрекет ететін _____

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
тұлғасында екінші

тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталып, "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу

туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және

(Қазақстан Республикасының заңнамасының атауы)

сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарт аккредиттеу жөніндегі орган мен аккредиттеу субъектісі арасындағы аккредиттеуден кейінгі кезеңдегі қатынастарды реттейді:

1.1.1. аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу;

- 1.1.2. аккредиттеу материалдарын өзектендіру;
- 1.1.3. инспекциялық тексерулер;
- 1.1.4. куәлар бағалауы;
- 1.1.5. аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу;
- 1.1.6. аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтату;
- 1.1.7. аккредиттеу аттестатын жою;
- 1.1.8. аккредиттеу аттестатын тоқтата тұру;
- 1.1.9. аккредиттеу аттестатын айыру және аккредиттеу белгісін пайдалану.

1.2. Жұмыс жүргізу тілі _____.

(мемлекеттік (қазақ) немесе орыс тілі)

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Аккредиттеу субъектісі:

1) аккредиттеу жөніндегі органға аккредиттеу жөніндегі орган айқындаған ақпараттық жүйеде аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын өзектендіру, аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу және қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен (бұдан әрі-ақпараттық жүйе) жүгінуге;

2) осы Шарттың талаптары мен Аккредиттеу жөніндегі органының құжаттарына сәйкес мыналарды:

аккредиттеу белгісін;

ILAC (International Laboratory Accreditation Cooperation - Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ынтымақтастық) MRA (Mutual Recognition Arrangement - Өзара тану туралы келісім) (сынақ және калибрлық зертханалар және (немесе) қосарлы белгімен) IAF (International Accreditation Forum - Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форум) MLA (Multilateral Recognition Agreement - Өзара тану туралы көпжақты келісім) (өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі орган) қосарлы белгісін (бұдан әрі - қосарлы белгі) қолдануға. Аккредиттеу белгісі Аккредиттеу жөніндегі органның логотипін және Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу аттестатының нөмірін қамтиды. Аккредиттеу субъектісіне Аккредиттеу жөніндегі органның логотипін жеке пайдалануға рұқсат етілмейді. Аккредиттеу белгісі Аккредиттеу субъектісінің хаттамаларында, сертификаттарында және сәйкестікті бағалау жөнінде қызмет нәтижелері бойынша тек аккредиттеу саласы шегінде және аккредиттеу аттестатының қолданыс мерзімінде берілетін құжаттарға пайдаланыла алады. Егер Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу белгісі пайдаланылатын көрсетілген құжаттарында аккредиттеу саласына кірмейтін сәйкестікті бағалау бойынша қызмет нәтижелері қамтылған жағдайда, онда осы құжаттарда аккредиттеу

белгісінің қолданыс шегі туралы ескертпе қамтылуы тиіс. Аккредиттеу белгісі Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу аттестаты қолданыс кезеңінде фирмалық бланктерде, интернет-ресурста, жарнамада пайдаланылуы мүмкін. Аккредиттеу белгісін аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу, тоқтата тұру кезеңінде, сондай-ақ осы Шарт тоқтатылған жағдайда пайдалануға рұқсат етілмейді. Аккредиттеу субъектісі қолданатын аккредиттеу белгісі аккредиттеу белгісінің техникалық сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Қосарлы белгіні пайдалану тәртібі Тараптар арасында жасалатын Қосарлы белгіні пайдалану жөніндегі шартпен айқындалады;

3) жүргізілген жұмыстар бойынша ақпараттық жүйе арқылы аккредиттеу жөніндегі органға өз ескертулерін ұсынуға;

4) Аккредиттеу жөніндегі органға оның қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдануға;

5) Аккредиттеу жөніндегі органының апелляция жөніндегі комиссиясына аккредиттеу материалдары бойынша теріс шешімдерін шағымдануға;

6) даулар туындаған жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

2.2. Аккредиттеу субъектісі:

1) тұрақты негізде ақпараттық жүйеде жеке кабинетті бақылау және тексеру;

2) аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың және өзге де құжаттардың талаптарын, аккредиттеу схемасында белгіленген аккредиттеу өлшемшарттарын және аккредиттеу сұратылатын немесе ұсынылатын салалардағы Аккредиттеу жөніндегі орган қабылдаған халықаралық міндеттемелерде белгіленген талаптарды, оның ішінде ақпараттық жүйе арқылы орындауға;

3) аккредиттеу өлшемшарттарының талаптарын үздіксіз орындауға;

4) аккредиттеудің құзыреттілігін бағалау және оны сақтау үшін қажетті ақпаратқа, құжаттар мен есептерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

5) тіркелген, берілген, айналымға енгізілген, күші жойылған және күші жойылған, оның ішінде сәйкестікті бағалау саласындағы ресми құжаттарды беруден бас тарту туралы деректерді электрондық есепке алуды жүзеге асыруға;

6) аккредиттеу субъектісі алған күннен бастап 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде осы Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюға;

7) ақпараттық жүйеде аккредиттеу жөніндегі органмен байланыс құралдарын қолдау және бақылауға;

8) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға және аккредиттеу саласы шегінде аккредиттеу аттестатына сілтеме жасауға;

9) аккредиттеуден тыс жұмыстарды жүргізу кезінде аккредиттеуге кез келген сілтемелерді алып тастау;

10) сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру кезінде аккредиттелген облыс шеңберінде ғана объектілерге сертификаттар беруге;

- 11) осы Шартқа сәйкес аккредиттеу белгісін және бірлескен белгіні пайдалануға;
- 12) аккредиттеу аттестаты таратылған немесе қолданысы тоқтатылған кезде сәйкестікті бағалау жөніндегі басқа аккредиттелген органға беруге не сәйкестікті бағалау жөніндегі берілген барлық құжаттарды кері қайтарып алуға;
- 13) Аккредиттеу жөніндегі органға белгілеген мерзімде анықталған аккредиттеу өлшемшарттарының сәйкессіздіктерін жоюға;
- 14) Аккредиттеу жөніндегі органына инспекциялық тексеру және орында тексеру жүргізуді, оның ішінде үй-жайға (үй-жайларға), жабдықтарға, ақпаратқа қол жеткізуді, Аккредиттеу субъектісі персоналдарының қатысуын, куәгерлік бағалау жүргізуді, инспекциялық тексеру жүргізу бойынша жұмыстардың құнын төлеуді, сондай-ақ өзге қажетті көмек көрсетуді қамтамасыз етуге;
- 15) Аккредиттеу жөніндегі органының сұрауы бойынша сәйкестілікті бағалау бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде олар белгілеген тұлғалардың қатысуына рұқсат беруге;
- 16) салыстырмалы сынақтарға қатысуға (өлшем құралдарын салыстырып тексеру (калибрлеу) нәтижелерін салыстыру (зертхана үшін);
- 17) аккредиттеу аттестатының қолданылуы тоқтатылған, күші жойылған, тоқтатыла тұрған не одан айырылған жағдайда аккредиттеу аттестатына сілтеме жасауды тоқтатуға;
- 18) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алған немесе аккредиттеудің белгілі бір саласы жарамсыз деп танылған жағдайда аккредиттеу аттестатына сілтеме жасауды тоқтатуға;
- 19) осы Шартта белгіленген тәртіпте, мерзімдерде және сомада жұмыстарды төлеуге;
- 20) Заңның 23-бабы 1-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде Аккредиттеу жөніндегі органға материалдарды өзектендіруге жіберуге;
- 21) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының бірыңғай тізілімінің Ұлттық бөлігін қалыптастыру және жүргізу үшін деректерді ұсынуға;
- 22) аккредиттеу жөніндегі органға ақпараттық жүйеде толтырылған кері байланыс сауалнамасын ұсынуға;
- 23) аккредиттеу жөніндегі органның аккредиттеу материалдарын өзектендіру, инспекциялық тексеру, куәгерлік бағалау жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуге;
- 24) аккредиттеу жөніндегі органмен даулы мәселелерді шешудің соттан тыс әдістерін қолдануға;
- 25) аккредиттеу жөніндегі органды бекітілген аккредиттеу саласындағы қызметті тоқтату немесе алдағы тарату туралы, аккредиттеуге, субъектінің мәртебесіне немесе

қызметіне қатысы бар өзгерістер туралы осындай шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етуге;

26) аккредиттеу субъектісінің заңсыз іс-әрекеттері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша бұзушылықтар расталған жағдайда аккредиттеу жөніндегі органның құжаттарды сараптау және кезектен тыс инспекциялық тексеру жөніндегі шығыстарын өтеуге міндетті.

2.3. Аккредиттеу субъектісі:

- 1) аккредиттеу жөніндегі органға ұсынылған деректердің дұрыстығы;
- 2) аккредиттеу саласы шеңберінде аккредиттеу белгісін және бірлескен белгіні дұрыс пайдалану;
- 3) өз қызметінің нәтижелері үшін, бірақ осымен ғана шектелмей, сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде аккредиттеу белгісін пайдалана отырып, сәйкестікті бағалау жөніндегі заңсыз берілген құжаттар үшін жауапты.

2.4. Аккредиттеу субъектісі Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды және өзге міндеттерді атқарады.

2.5. Аккредиттеу жөніндегі орган:

- 1) Аккредиттеу субъектісі ұсынған құжаттарда қамтылған мәліметтерді растау, нақтылау немесе түсіндіру үшін өз құзыреті шегінде қосымша ақпаратты сұратуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты бұзуға;
- 3) Шартты бұзған жағдайда, Аккредиттеу субъектісі төлеген сомадан нақты орындалған жұмыстар құнын ұстап қалуға;
- 4) аккредиттеу субъектілерін ескертусіз баруды жүргізуге;
- 5) өтінімдерді, шағымдарды қарау кезінде, мәліметтерді растау, нақтылау немесе түсіндіру және/немесе аккредиттеу субъектілерінің осы шартының талаптарын орындау үшін қажетті қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

2.6. Аккредиттеу жөніндегі орган:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
- 2) бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда аккредиттеу субъектісінің өтінімі бойынша аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеуге;
- 3) Заңда және осы Шартта көзделген негіздер туындаған жағдайда аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға;
- 4) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған жағдайда аккредиттеу субъектісіне ақпараттық жүйеде тиісті хабарлама жіберуге;
- 5) негіз болған сәттен бастап аккредиттеу субъектілерінің тізіліміне мәліметтер енгізуге;
- 6) өзектендіру материалдарына сараптама жүргізуді және қайта сараптама жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы ауыстырылған жағдайда бастапқы сараптама кезінде анықталған сәйкессіздіктерді жою бөлігінде ғана қайта сараптама жүргізу

қажет. Өзектендірілген материалдарды қарау мерзімі олар келіп түскен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауы тиіс;

7) 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтінімді қарау және аккредиттеу саласын кеңейтуге сараптама жүргізуге міндетті.

2.7. Аккредиттеу жөніндегі орган осы Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды және өзге міндеттерді атқарады.

2.8. Тараптардың бірде біреуі Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

2.9. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа, осы Шарттың және оны орындау барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Инспекциялық тексерулерді жүргізу, аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын жаңарту тәртібі мен мерзімдері

3.1. Аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын өзектендіру және аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу Заңда көзделген негіздемелер, мерзімдер және тәртіп бойынша жүргізіледі.

3.2. Инспекциялық тексерулер инспекциялық тексеру жүргізудің нақты күні анықталатын, қосымша келісім немесе Тараптар арасында жасалатын жеке шарттың негізінде Заңмен көзделген тәртіпте және мерзімдерде жүргізіледі.

4. Жұмыстар құны

4.1. Осы Шарттың 4.2-тармағында көзделгендерді қоспағанда, аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу өтемсіз жүргізіледі.

4.2. Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген негіздемелер бойынша аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу құны Тараптардың қосымша келісім немесе жеке шарт жасасуы жолымен анықталады.

4.3. Инспекциялық тексеру құнын Тараптар қосымша келісім немесе жеке шарт жасау жолымен анықтайды.

4.4. Орындалған жұмыстарға төлеу төлемге қойылған шоттар негізінде жүргізіледі.

4.5. Аккредиттеу жөніндегі орган өзге өңірлерден техникалық сарапшыларды немесе басқа сарапшыларды тартқан жағдайда, Аккредиттеу субъектісі көрсетілген сарапшыларға жол жүру, тұру және тәуліктік шығындарын Тараптар арасында жасалатын қосымша келісім немесе жеке шартқа сәйкес Аккредиттеу жөніндегі органының есеп шотына аудару жолымен қосымша төлейді.

5. Салыстырма сынақтарды жүргізу және (немесе) өлшем құралдарын салыстырып тексеру мен калибрлеу нәтижелерін салғастыру тәртібі

5.1. Аккредиттеу субъектілерінің техникалық құзыреттілігін бағалау (мониторингілеу) мақсатында Аккредиттеу жөніндегі орган Аккредиттеу субъектісінен

салыстырмалы сынақ нәтижелерін (өлшем құралдарын салыстырып тексеру (калибрлеу) нәтижелерін) сұрай алады.

5.2. Зертханалардың техникалық құзыреттілігін растау стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес біліктілікті тексеруді аккредиттелген провайдер ұйымдастырған және жүргізген салыстырмалы сынақ (өлшем құралдарын салыстырып тексеру (калибрлеу) нәтижелері) нәтижелері болып табылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Аккредиттеу субъектісі:

- 1) аккредиттеу жөніндегі органға ұсынылған деректердің дұрыстығы;
- 2) аккредиттеу саласы шеңберінде аккредиттеу белгісін және қосарлы белгіні дұрыс пайдалану;
- 3) оның кінәсінен Аккредиттеу жөніндегі органға келтірілген зияндар;
- 4) аккредиттеу жөніндегі органға қатысты негізсіз айыптаулардан көрінетін аккредиттеу жөніндегі органның іскерлік беделін бұзғаны үшін, аккредиттелген саладағы қызметі үшін, сондай-ақ аккредиттеу жөніндегі органның іскерлік беделіне әсер ететін аккредиттеу субъектісінің өзге де іс-әрекеттері үшін;
- 5) аккредиттеу өлшемшарттарының талаптарын үздіксіз орындағаны үшін;
- 6) аккредиттеу жөніндегі органның қызметтеріне ақы төлеу мерзімдері үшін жауапты болады.

6.2. Уақтылы төлемегені үшін Аккредиттеу субъектісі Аккредиттеу жөніндегі органға мерзімді кешіктірудің әр жұмыс күні үшін төленуі тиісті сомадан 0,1 (оннан бір) пайыз мөлшерінде, бірақ көрсетілген сомадан 25 (жиырма бес) пайыздан аспайтын өсімпұл төлейді.

6.3. Жұмыстарды орындау мерзімін бұзғаны үшін, егер бұл Аккредиттеу субъектісінің әрекетінен немесе әрекетсіздігіне байланысты болмаса, Аккредиттеу жөніндегі орган Аккредиттеу субъектісіне мерзімін кешіктірудің әр жұмыс күні үшін орындалатын жұмыс құнынан 0,1 (оннан бір) пайыз мөлшерінде, бірақ көрсетілген сомадан 25 (жиырма бес) пайыздан аспайтын өсімпұл төлейді.

6.4. Өсімпұлды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.5. Тараптардың осы Шартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнама нормаларына сәйкес қолданылады.

6.6. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7. Шартты өзгерту, тоқтату және бұзу

7.1. Осы Шарттың талаптарын Аккредиттеу субъектісі бұзған және осы Шартпен анықталған мерзімдерде ол қосымша келісімге немесе жеке шартқа қол қоймаған жағдайында, Аккредиттеу жөніндегі орган Аккредиттеу субъектісі бұл туралы Шартты

болжанатын бұзу күнінен кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлама бере отырып, осы Шартты біржақты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда хабарламада көрсетілген күн Шарттың бұзылу күні болып есептеледі.

7.2. Аккредиттеуден кейінгі шарт мынадай:

- 1) заңды тұлға таратылған;
- 2) аккредиттеу аттестатының қолданыс мерзімі аяқталған;
- 3) аккредиттеу аттестатынан айырған;
- 4) аккредиттеу аттестаты жойылған;

5) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу үшін негіз болып табылған сәйкессіздіктер жойылмаған, бұл жағдайда аккредиттеуден кейінгі шарттың тоқтатылу күні сәйкессіздіктерді жою мерзімі өткен күннен кейінгі күн болып есептеледі;

6) осы Шартты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бұзу;

7) топ құрамын орналасқан жері бойынша тексеру жүргізуге келісуден екі есе негізсіз бас тартқан жағдайда;

8) егер аккредиттеу циклы ішінде аккредиттеу субъектісі аккредиттеу өлшемшарттарын және аккредиттеу жөніндегі органның аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға әкеп соққан талаптарын екі рет бұзуға жол берген жағдайда;

9) аккредиттеу жөніндегі органға жергілікті жерде жоспарлы (жоспардан тыс) тексеру және тексеру жүргізуді, оның ішінде үй-жайға (үй-жайларға), жабдыққа, ақпаратқа қол жеткізуді, аккредиттеу субъектісі персоналының қатысуын, куәгерлік бағалауды жүргізуді, тексерулер мен бағалауды жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын төлеуді қамтамасыз етпеу, сондай-ақ аккредиттеу жөніндегі орган өкілдеріне өз қызметін Заңға және осы Шартқа сәйкес жүзеге асыруға кедергі келтіру.

7.3. Осы Шартты бұзған кезде (тоқтатуды қоспағанда) Аккредиттеу субъектісінің төлеген сомасы Аккредиттеу жөніндегі орган шеккен нақты шығындары шегеріліп, қайтарылады.

8. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары

8.1. Тараптар, егер олар еңсерілмейтін күш (су тасқыны, жер сілкінісі) жағдайларының салдары болып табылса, Тараптардың кез келгеніне осы Шарт бойынша бұл жағдайлар өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермеген жағдайда өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлармен туындаған салдар әсер еткен уақыт ішінде сәйкес уақытқа кейін шегеріледі.

8.3. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар басталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа осы жағдайлардың басталғаны туралы хабарлайды.

8.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларының болу фактісін растайтын құжаттар еңсерілмейтін күш болған жерлерде Қазақстан Республикасының оған уәкілетті мемлекеттік органдары немесе ұйымдары берген тиісті құжаттар (анықтамалар, актілер және басқалары) болып табылады.

8.5. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары 3 (үш) айдан артық жалғасатын болса және оларды тоқтату күні туралы міндетті өтінім жасау мүмкін болмаса, онда Тараптардың әрқайсысы осы Шартты бұзуға құқылы және бұл жағдайда Аккредиттеу жөніндегі орган Өтінім берушіге нақты орындалған жұмыстар құнын шегере отырып, төленген соманы қайтаруға міндетті.

8.6. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауаптылықтан босататын негіз ретінде кез келген жоғарыда көрсетілген жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

9. Дауларды шешу тәртібі

9.1. Осы Шартты іске асыру процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер жолымен шешуге міндеттенеді.

9.2. Келіссөздер жолымен келіспеушіліктер реттелмеген жағдайда, ол Аккредиттеу органының орналасқан жері бойынша сот органына қарауға берілуі мүмкін.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күнінен бастап жасалған деп есептеледі, егер осы Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органында тіркелуге жатса, - тіркелген күнінен бастап және ол бойынша міндеттемелерін Тараптардың толық орындағандарына дейін қолданыста болады.

10.2. Осы Шарт ақпараттық жүйеде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

10.3. Тараптар ақпараттық жүйеде Тараптар арасында жүзеге асырылатын ақпарат алмасу ресми болып табылады деп уағдаласты.

Ақпараттық жүйедегі хабарлама аккредиттеу жөніндегі органнан өтініш берушінің ақпаратты алғанын растау болып табылады.

10.4. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Шарт сияқты нысанда жасалған және тараптар қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

10.5. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

11. Тараптар деректемелері

Өтініш

беруші: Аккредиттеу

жөніндегі

орган:

(толық атауы, заңды және нақты мекенжайы, банктік деректемелері, телефон нөмірі, лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(толық атауы, заңды және нақты мекенжайы, банктік деректемелері, телефон нөмірі, лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Аккредиттеу жөніндегі органның ЭСҚ қол қойған күні мен уақыты

Өтініш берушінің ЭСҚ қол қойған күні мен уақыты Аккредиттеу жөніндегі органның ЭСҚ тегі, аты
Өтініш берушінің ЭСҚ тегі, аты және әкесінің аты (және әкесінің аты (бар болған жағдайда)
бар болған жағдайда)

Аккредиттеуден кейінгі үлгілік
шартқа қосымша

Кері байланыс сауалнамасы

Аккредиттеу субъектісінің атауы: _____

_____ (заңды тұлғаның және/немесе)

_____ оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы)

_____ (өтінім беруші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы)

Аккредиттеу жөніндегі орган орындайтын жұмыс сапасын бағалаңыз (5-өте керемет , 4- өте

жақсы, 3-жақсы, 2-қанағаттанарлық, 1-нашар).

Тиісті санды белгілеңіз.

Жұмыс түрі: _____

Сұрақ атауы

Баға

Жауап нұсқалары

5 4 3 2 1

Сізге шынайы жауаптар үшін алғыс айтамыз!

Сіздің ескертулеріңіз бен тілектеріңізді біз міндетті түрде қарастырамыз.

Біз бірлескен ынтымақтастығымыздың одан әрі тиімді және жемісті болғанын қалаймыз!